ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 қыркүйек №2301-23-00-2/2045 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№40 Зейнолла Кабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «SABIT»,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№40 Зейнолла Кабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SABIT» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 63 612 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SABIT» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «SABIT» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 55 270 (елу бес мың екі жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбын, 3 383 (үш мың үш жүз сексен үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 06.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 06.11.2023
2301-23-3-1/2340

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 06.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 06.11.2023

2301-23-3-1/2340